

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
Министрлігі

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті



Министерство образования
и науки Республики
Казахстан

Костанайский
государственный
университет имени
Ахмета Байтұрсынова



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Байтұрсынов оқулары - 2019
халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары

Байтұрсыновские чтения - 2019
материалы международной
научно-практической конференции

Baitursynov Reading - 2019
international scientific and research
conference content



Қостанай, 2019

Редакциялық кеңес:

Дошанова А.И., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Кушнир В.Г., техника ғылымдарының докторы, профессор, Жарлыгасов Ж.Б., ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, Кабульдинов З.Е., тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мария Бенич Пенава, философия докторы (PhD), Абсадықов А.А., филология ғылымдарының докторы, Колдыбаев С.А., философия ғылымдарының докторы, профессор, Жиентаев С. М., экономика ғылымдарының докторы, профессор, Айтмухамбетов А.А., тарих ғылымдарының докторы, Терза А.А., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Мамиев Н.Б., педагогика ғылымдарының кандидаты, Коваль А.П., экономика ғылымдарының кандидаты

Редакционный совет:

Дошанова А.И., кандидат экономических наук, доцент, Кушнир В.Г., доктор технических наук, профессор, Жарлыгасов Ж.Б., кандидат сельскохозяйственных наук, Кабульдинов З.Е., доктор исторических наук, профессор, Мария Бенич Пенава, доктор философии (PhD), Абсадықов А.А., доктор филологических наук, Колдыбаев С.А., доктор философских наук, профессор, Жиентаев С. М., доктор экономических наук, профессор, Айтмухамбетов А.А., доктор исторических наук, Терза А.А., доктор ветеринарных наук, профессор, Мамиев Н.Б., кандидат педагогических наук, Коваль А.П., кандидат экономических наук

Editorial board :

Candidate of Economical Sciences, Associate Professor Doschanova A. E., Doctor of Technical Sciences, Professor Kushnir V. G., Candidate of Agricultural Sciences Zharlygassov Zh.B., Doctor of Historical Sciences, Professor Kabuldinov Z. E., Doctor of Philosophical Sciences Mariya Benich Penava, Doctor of Philology Sciences Absadykov A.A., Doctor of Philosophical Sciences, Professor Koldybayev S.A., Doctor of Economical Sciences, Professor Zhientayev S.M., Doctor of Historical Sciences Aimukhambetov A.A., Doctor of Veterinary Sciences, Professor Tegza A.A., Candidate of Pedagogical Sciences Mamiyev N.B., Candidate of Economical Sciences Koval A.P.

Ұ 46 «Ұлағатты Ұлы Дала: рухани жаңғыру, білім және инновация» атты «Байтұрсынов оқулары – 2019», 2019 жылдың 26 сәуіріндегі Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының материалдары: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 2019. – 630 б. = «Байтұрсыновские чтения - 2019» на тему: «Многогранность Великой Степи: духовное возрождение, знание и инновации»: Материалы международной научно-практической конференции 26 апреля 2019 года. - Костанай: Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова, 2019. - 630 с.= «Baitursynov Readings - 2019» on the topic: «Diversity of the great Steppe: spiritual revival, knowledge and innovation», International scientific-practical conference content, held on April 26, 2019. - Kostanay: A. Baitursynov Kostanay State University, 2019. - 630 p.

ISBN 978-601-7985-38-7

Қазіргі заманғы мемлекет пен қоғамның дамуының әлеуметтік-әлеуметтік, экономикалық және құқықтық аспектілері, техникалық ғылымдардың басым бағыттары, құрылымдық модернизациялау және цифрлау, агроөнеркәсіптік кешендегі технологиялар мен инновациялар төртінші индустриалды революция тұрғысынан, қоғамдық - әлеуметтік, құқықтық және саяси аспектілері, гуманитарлық ғылымдардың басымдық берілетін бағыттары, жаһандану жағдайындағы Қазақстан экономикасының ғылыми-технологиялық дамуы және құрылымдық модернизациясы, «Ұлағатты Ұлы Дала: рухани жаңғыру, білім және инновация» тақырыбындағы «Байтұрсынов оқулары – 2019» атты жинағында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі 2019 жылдың 26 сәуіріндегі Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының материалдары ұсынылған.

Жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін

В сборнике Международной научно-практической конференции «Байтұрсыновские чтения - 2019» на тему: «Многогранность Великой Степи: духовное возрождение, знание и инновации» представлены научные статьи по общественно-социальным, экономическим и правовым аспектам развития современного государства и общества, приоритетным направлениям технических наук, структурной модернизации и цифровизации, технологиям и инновациям в АПК в контексте четвертой промышленной революции.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

The digest includes materials of the International Scientific and Research Conference “Baitursynov Readings - 2016” on the following topic: “Science, production, business: contemporary state and ways of innovative development of the country”, dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, that took place on 15th of April, 2016 in A. Baitursynov Kostanay State University.

The digest includes scientific articles on social, legal and political aspects of development of modern state, society, priority directions of humanitarian sciences, structural modernization, scientific and technological development of the economy of Kazakhstan in conditions of globalization, achievements and possibilities in development of veterinary and technology of cattle breeding, as well as on strategic directions of development of agricultural, natural, engineering and information sciences.

Materials of the digest may appeal to scientists, academicians, students, master students.

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58

Авторлардың пікірі редакциялық кеңес көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Тапсырылған материалдар үшін жауапкершілік авторларға жүктелген. Материалдарды қайта басып шығаруда конференция материалдарына сілтеме жасау міндетті. = Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. Рукописи не рецензируются и не возвращаются. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна. = Opinions of authors may not always coincide with the opinions of editors. Manuscripts are not censored or recalled. Authors are responsible for the adequacy of the information provided. If reprinting of the content is to take place, a reference to the conference content is obligatory.

ISBN 978-601-7985-38-7



Рисунок 12 – Окно интерфейса после вычисления и рисования полинома.

Программа решения задачи интерполирования была реализована с помощью встроенного в программу Flash языка программирования ActionScript 2.0.

ЛИТЕРАТУРА:

- 1 **Дончева А.В., Семенова Л.А.** Методические вопросы оценки интенсивности техногенных воздействий на природную среду // Глобальные проблемы современности: региональные аспекты: сб. тр. – М.: ВНИИСИ, 1988. – вып. 5. – С. 158-163.
- 2 **Викулов В.Е., Гурман В.И.** Эколого-экономическая стратегия развития региона. [Текст]:– Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние, 1990 – 184 с.
- 3 **Дуамбеков М.С., Оразов Е.Т.** Информационные технологии решения задач региональной экологии. [Текст]: – Алматы: Изд. «Сешм», 1999. – 130 с.
- 4 **Копченова Н.В., Марон И.А.** Вычислительная математика в примерах и задачах. [Текст]: Изд. «Лань», Москва, 2008. -
- 5 **Байзаков С.Б., Байзаков Н.А.** Принципы дальнейшей либерализации мировой экономики. [Текст]: Изд. «Шапак», Костанай, 2018. – 33с.

Authors details

Байзаков С.Б.- Институт экономических исследований, д.э.н., 110000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Темир казык, 65, каб. 213, тел: +7 7172 70 17 87, e-mail: Sailay@mail.ru
Байзаков С.Б.- Экономикалық зерттеулер институты, э.ғ.д 110000, Қазақстан, Қостанай Республикасы, Темір қазық, 65, каб. 213. тел : +7 7172 70 17 87, e-mail: Sailay@mail.ru
Васильчук Е.В.-экономический факультет, Костанайский государственный университет им. А.Байтұрсынова, д.э.н., 110000, Республика Казахстан, г. Костанай, пр. Абая, 28, тел: 8-7142-55-85-50, e-mail: elenavasilchuk@mail.ru
Васильчук Е.В. - экономикалық факультеті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, э.ғ.д 110000, Қазақстан, Қостанай Республикасы, Абай, 28, тел : 8-7142-55-85-50, e-mail: elenavasilchuk@mail.ru

ӘОЖ 343.352.3:4:6:7

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Байсарин Б.З. - аға оқытушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, заң факультеті, қылмыстық құқық және процесс кафедрасы

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлық қылмыстарының шығу тарихына, олардың қоғамға қауіптілігіне байланысты ежелгі философтардың, Қазақстанның қоғам қайраткерлерінің ой пікірлері қарастырылған. Қазіргі таңдағы Қазақстанның сыбайлас жемқорлықты алдын алу мәселесі бойынша жасалып жатқан іс шараларға талдау жасалған.

Түйінді сөздер: сыбайлас жемқорлық, қара сөздер, қабылдау Индексі, лауазымды тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың мәселесі ұзақ тарихты қамтиды. Олар ежелгі философтардың жазбаларында да көтерілген. Аристотель сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте олардың алдын алып ықпал ету бойынша шараларының бірі ретінде, бір мемлекетте бір адамға бір уақытта бірнеше лауазымды атқаруға тыйым салуды ұсынған.

Қазіргі жемқорлықтың түсінігіне маңызды серпін Никколо Макиавелли шығармалары арқылы да беріледі. Ол сыбайлас жемқорлықты аурумен салыстырған. Басында ауруды тану қиын, бірақ дер кезінде шара қолданылса емдеуге оңай. Егер ол өршіп кеткен болса, онда оны тану оңай, бірақ емдеу қиын деген. Сол сияқты, мемлекеттік қызметтердегі сыбайлас жемқорлық та, егер сыбайлас жемқорлықтың болу салдарын дер кезінде танып, оған шара қолданылса, бұдан құтылу қиын емес, ал егер ол тарап кеткен болса, онда әрине, оған әсер ету өте қиынға түседі.

Рим заңында «согитриге» сөзі бірнеше мағынаға ие болды: үзілу, бұзу, жою, зақымдау, жалғандық жасау, пара беру. Бұл құбылыстың таралуы мен қоғамдық қауіп-қатері, көбінесе, заң үстемдігін толығымен жойып, халықтың мемлекеттік қызметкерлердің заңсыздығына деген тәуелділігімен, ұлғая түсетін ірі әлеуметтік түбегейлі өзгерістер кезеңінде күрт өседі.

Қазіргі өтпелі мемлекеттер де осыдан алысқа ұзап кеткен жоқ. Қазақстан Республикасында өтпелі даму кезеңінде сыбайлас жемқорлық тек қана сақталған жоқ, керісінше одан да кең таралды. Бұл әрине нарықтық қатынастардың элементтерінің пайда болуымен байланысты, және халық арасында тарап кеткен «ақшаң болса бәрін істеуге болады, әр нәрсенің өз бағасы бар» деген ойдың әрекет ете бастаған кезі.

Мұндай ойдың басым болу себебі адамдардың санасында өзгерістерді тудырған, халықтың моральдық деңгейінің төмендеуіне алып келген айтарлықтай өзгерістер болды. Әсіресе КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдарда қоғамның барлық салаларында заң үстемдігінің жаппай бұзылуы байқалды, көптеген адамдардың, оның ішінде лауазымды тұлғалардың заңдарды елемей, шексіз билік және т.б. іс әрекеттері.

Реформалар барысында жіберілген ақаулықтар мен қателіктер, қылмыстықты, мемлекет және қоғаммен бақылауының әлсіреуі, қажетті заңнамалық базаның болмауы, қоғамдық өмірдің көптеген салаларына сыбайлас жемқорлық қаупін төндірді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында жемқорлықтың қауіпті екенін көрсетеді: «Сыбайлас жемқорлық - тек қана қылмыс емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер болып табылады...» [1].

1998 жылы 2 шілдеде посткеңестік кеңістікте бірінші болып ел Парламенті «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының N 267 Заңын қабылдады, ол осы жағымсыз құбылысқа қарсы тұрудың мақсаттары, міндеттері, негізгі принциптері мен механизмдерін анықтады.

Сонымен қатар, бірінші рет сыбайлас жемқорлықтың түсінігі бұл Заңда берілген болатын. Онда: «Осы Заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүлтік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлтік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады», - деп көрсетілген [2].

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты өте жақсы тосқауыл қойған көптеген елдер осы жағымсыз құбылысқа қарсы әрекет етудің тиімді механизмдерін жасады. Сондықтан біздің еліміз үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзінің тиімділігін дәлелдеген елдердің халықаралық-құқықтық тәжірибесі өте маңызды.

Сонда да, сыбайлас жемқорлық барлық жерде де, әрдайым бірдей айқындалады және оның себептері мен салдары бірдей деу қате. Мұнда шешуші мәнге ие болады, ұлттық ой-өрістер, құқықтық, діни және этникалық дәстүрлер, яғни бұлар ешқашан да бір-бірінен айнымайтын көрінісі болып танылмайды.

Академик С.З. Зимановтың пікірі бойынша: «Тікелей өнім шығарушы шаруалардың артылған өнімдерін феодалдардың алып қоюы әртүрлі жолмен жүзеге асырылды. Бір жағдайда халықтан көшіп-қонуды басқарушы беделді адамдардың шығыстарын жабу және т.б. үшін белгіленді. Екінші жағдайда атадан қалған әдет-ғұрыптарды орындау негізінде беделді адамдар өкілдеріне «ерікті» түрде «сыйлық» беру. Үшінші жағдайда, іс жүзінде, шаруалардың оларға жұмыс жасауы руластардың «көмегі» және т.б. ретінде қарастырылды. Сонымен бірге, экономикалық емес мәжбүрлеу экономикалық мәжбүрлеумен жиі біріктірілді» [3, 200 б.].

Осылайша, қазақтардың сыйлық беру дәстүрлері ертеден келе жатқан дәстүрлі сипатта орын алады және оның тамыры феодализм кезеңінде қазақ қоғамында үстем болған әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастарға кетеді [4, 60 б.].

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) - ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Абайды сол кездегі қазақ даласындағы жемқорлық мәселесі қатты толғандырып, өзінің үшінші және жиырма тоғызыншы қара сөздерінде: «Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалылығынан жетерсің» деген сөз [5, 281 б.]. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны», - деп сол кездегі жемқорлықты әшкерелеп, алдын алу жолдарын қарастырған деп ойлаймыз [5, 310 б.].

Абайдың сол кездегі айтқан қара сөздері қазіргі таңда да өзекті болып саналады. Биліктің әлеуметтік тозып желінуі үшін, бұл биліктің «шіруінің» қалай мұндай жағдайға жеткендігі маңызды емес. Мұның маңыздысы басқада - биліктің мемлекеттік болуын тоқтатуында. Биліктің бастапқы мақсатын жоғалтып алуы азаматтарды қорғаудың жолын тоқтатады және олардың құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндірушіге айналып, сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыспен тығыз байланысады, бұл қылмыстық құрылымдардың атқарушы биліктің және мемлекеттік органдардың әртүрлі эшелондарына белсенді енуімен расталады.

Оны мына, бір ғана фактіден байқауға болады. Айыптау қорытындысы бойынша, Атырау облысының бұрынғы әкімі Б.Рысқалиев осы әкімдіктің басқа лауазымды тұлғаларымен алдын-ала келісе отырып, өзінің қызметтік өкілеттіліктерін пайдаланып, үлкен көлемде сеніп тапсырылған мемлекеттік қаражатты ұрлау үшін қылмыстық схеманы әзірлеген. Келтірілген шығын 72 миллиард теңгеден асып түскен. Бұл іс бойынша, 22 шенеунік пен кәсіпкер заң алдында жауапқа тартылған. Сондай-ақ, 9 адамға халықаралық іздеу жарияланған [6].

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің статистикасы бойынша 2018 жылы жалпы алғанда 2,375 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген, яғни бұл 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,1% -ға аз (2 452).

Қылмыстық құдалау органының тергеуінде болған 2841 (2965) қылмыстық істің - 2009 (2159) тергеумен аяқталған, 1865 (1981) қылмыстық іс сотқа жіберілген.

Сотқа жіберілген істер бойынша (1865) сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарға қатысты 1079 (1001) адам сотталған (онша ауыр емес - 84, ауырлығы орташа - 282, ауыр - 676, аса ауыр-37) [7]. Сотталғандардың ішінде ауыр қылмыстар бойынша сотталғандардың саны басым (676), бұл тіркелген қылмыстың 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда сәл төмендегеніне қарамастан сыбайлас жемқорлықтың қауіпті түрінің әлі де болса өршіп тұрғанын байқалтады.

2018 жылдың 189 елдің сыбайлас жемқорлықты қабылдау Индексінде Қазақстан 31 ұпай жинап, Джибути, Габон, Мальдив пен Непал сияқты 124-орынды иеленді. Рейтингері Қазақстаннан жоғары Украина - 32 ұпай, Молдова - 33, Армения - 35 және Белоруссия - 44.

Аталған жылдың сыбайлас жемқорлықты қабылдау Индексінің қорытындысы бойынша ең үздік елдер - Дания және Жаңа Зеландия, тиісінше 88 және 87 балл. Ең нашары - Сомали, Сирия және Оңтүстік Судан, тиісінше 10, 13 және 13 балл [8].

Бұл рейтингтегі Қазақстанның жағдайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлі де болса қарқынды іс шарала жүргізуді қажет ететіндігін байқатады.

Осыған орай да болуы мүмкін, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қазақстанда сыбайлас жемқорлық үшін сотталғандардың мемлекеттік тізілімін құру туралы бастаманы қолдады. Агенттік бұл шара әлемдік тәжірибеде кеңінен пайдаланылып жатқандығын, сондай-ақ оның арқасында халықтың сенімін арттыратындығын атап өтті. Реестр құру туралы ұсыныс президент әкімшілігінің қарауына жіберілген.

Айта кету керек, бұған дейін «Транспаренттік қоғамдық қор» осындай ұсыныс жасаған болатын, бірақ билік бұл ұсынысты қолдамаған болатын. Шенеуніктер ақпаратқа еркін қолжетімділік сыбайлас жемқорлық үшін сотталғандарға және олардың туыстарына жағымсыз әсер етіп, олар әлеуметтік қысымға ұшырауы мүмкін деп мәлімдеген болатын.

Алайда, «Транспаренттік қоры» осы реестр мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу жүйесін жетілдіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілерінің санын азайту арқылы пайдалы болуы мүмкін екендігін дәлелдеген [9].

Шынында да сыбайлас жемқорлық бойынша сотталған адамдардың тиісті ақпараттың болмауы заңмен тыйым салынған адамдардың негізгі жазасын өтеп болған соң қайтадан мемлекеттік қызметке кіруіне әкелуі мүмкін, себебі белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен

айналысу құқығынан өмір бойына айыру жаза түрін қадағалау ешқандай органға жүктелмеген және қол жетімді жерде мәлімет жоқ.

Ал өзіміздің көршілес Ресей Федерациясында «Сенім жоғалтуына байланысты жұмыстан босатылған адамдардың реестрі туралы» 05.03.2018 ж. Үкіметінің № 228 қаулысы шыққан болатын. Ондағы тізім үнемі мемлекеттік қызметтің веб-сайтында жаңартылып отырады. Реестрде сыбайлас жемқорлыққа ұшыраған лауазымды тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты және лауазымы, ол жұмыстан босатылған органның атауы, жұмыстан босату және тіркеудің себебі мен күні енгізіледі. Бұдан басқа, қандай құқықтық нормалар бұзылғаны көрсетіледі.

Бұл тізімге кіруі мүмкін, сенімін жоғалтуына байланысты жұмыстан босатылған шенеуніктер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметкерлер. Оларға мемлекеттік қызметте және мемлекеттік компанияларда қызмет жасауға тыйым салынған.

Сыбайлас жемқорлық шенеуніктердің аты-жөндері тіркеуден бес жылдан кейін жойылады. Қара тізімнен мерзімінен бұрын кетуге болады, егерде жұмыстан босату туралы шешімнің күші жойылған немесе қайтыс болған жағдайда ғана. Реестрге сыбайлас жемқорлық үшін жұмыстан босатылған қызметкерді қосу міндеті оның жұмыс берушісіне жүктелген [10].

Қазақстанда да сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша сотталғандардан басқа, осындай - сенім жоғалтуына байланысты жұмыстан босатылған адамдардың мемлекеттік реестрі қабылданған болса, қара тізімге енуден қорқу шенеуніктерді заңдарды сақтауға ынталандырып сыбайлас жемқорлық қылмыстардың алдын алуға көмегін тигізеді.

Табиғатта немесе қоғамда болған кез-келген құбылыс, оқиға немесе процесс басқа құбылыспен, оқиғалармен немесе процестермен, яғни белгілі бір себептермен немесе себептердің жиынтығымен байланысты.

Көктемде егін егердің алдында, күзде жерді жыртып, тырмалап, қыста қар тоқтатым жасамаса, арам шөптерден, зиянкестерден, аурулардан қорғайтын іс шараларды жасамаса, тиісінше бидай дұрыс өспей, арам шөбі көбейіп дұрыс өнім бермейді.

Үкімет халықтың әл ауқатын жақсартуға, елімізді өркендетуге бағытталған жақсы бағдарламалар қабылдап көп қаражат бөлгенімен, осы бағдарламалар ойдағыдай жүзеге асу үшін, бөлінген қаражат ашық, тиімді жұмсалып, нақты алдын алу шаралары қолданбайынша, сыбайлас жемқорлық қылмыстар көбеймесе, азаймайды.

Осы жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы, Алик Шпекбаев агенттіктің алқасында жеке сектордағы құқық бұзушылықтарды қадағалау үшін сыбайлас жемқорлық субъектілерінің тізімін кеңейтуді ұсынған болатын. Онда ол: «Қазіргі кезде тек квазимемлекеттік ұйымдардың жоғарғы басшылығы ғана жемқорлыққа қарсы заңнаманың әсеріне түседі. Сонымен қатар, коррупциялық шешімдер осы ұйымдарды басқарудың ең төменгі деңгейінде қабылданады. Бұл бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік бағдарламаларды, жобаларды жүзеге асыруға байланысты сатып алудағы квазимемлекеттік қызметкерлер туралы», - деді баяндамашы.

Сонымен қатар агенттіктің төрағасы мемлекеттік қызметшінің шығыстары оның кірісімен сәйкес келмейтін жағдайларға қатысты қатаң жауапкершілік шараларын енгізуді ұсынады және бұл жалпылай декларациялауды енгізудің логикалық жалғасы болып сыбайлас жемқорлықтың негізін бұзуға мүмкіндік беретіндігіне сенеді [11].

Жоғарыда аталған іс шаралар сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алып, еліміздің өсіп өркендеуіне септігін тигізеді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ:

1. **Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы** Астана.14 желтоқсан 2012ж. [электрондық ресурс]: http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies
2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының» 1998 жылғы 2 шілдедегі N 267 Заңы** [электрондық ресурс] :<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000267>
3. **Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века** [мәтін].-Алма-Ата:АН Каз.ССР,1958.-293 с.
4. **Алауханов Е.О.-Антикоррупционная правовая политика** [мәтін].- Алматы: Заң әдебиеті, 2009.- 256 с.
5. **Абай.Қалың елім қазағым: Шығармалары** [мәтін].-Алматы, Жалын, 1995. - 384 бет.
6. **Б.Рыскалиевке үкім шықты** [электрондық ресурс]:<https://www.zakon.kz/4955467-vynesen-prigovor-bergeyu-ryskaliyevu>.
7. **Сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша тағайындалған жазалар.** [электрондық ресурс] :<http://kyzmet.gov.kz/kk/node/>

8. **«Transparency Kazakhstan»** интернет сайты [электрондық ресурс]://tikazakhstan.org/v-indekse-vospriyatiya-korrupsii-kazahstan-vozglavil-strany-tsentralnoj-azii/
9. **«Transparency Kazakhstan» халықаралық тәжірибеге шолу жүргізді** [электрондық ресурс]://tikazakhstan.org/na-otkaz-adgspk-sozdat-publichnyj-reestr-korrupsionerov-transparency-kazahstan-provel-obzor-mezhdunarodnoj-praktiki/
10. **Ресей Федерациясында «Сенім жоғалтуына байланысты жұмыстан босатылған адамдардың реестрі туралы» 05.03.2018 ж. Үкіметінің № 228 қаулысы** [электрондық ресурс]: http://publication.pravo.gov.ru/DocumentView/0001201803070049
11. **Қазақстанда жекеменшіктегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты жауапкершілікті енгізу ұсынылады** [электрондық ресурс]://zonakz.net/2019/02/07/otvetstvennost-za-korrupciyu-v-chastnom-sektore-predlagayut-vvesti-v-kazaxstane/

УДК 658.8

ПОДХОДЫ К СОДЕРЖАНИЮ МАРКЕТИНГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ

Баранова Н.А. – к.э.н., доцент кафедры управления и делового администрирования, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова

Рақпанова Д.Б. – магистрант специальности 6М051100-Маркетинг, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова

Обеспечение гибкого взаимодействия производственной, финансовой и других видов деятельности предприятия и их адаптации к изменяющейся конъюнктуре рынка и требованиям потребителей все чаще обеспечивается за счет маркетинговой деятельности. Интенсивное развитие маркетинга в последние годы порождает необходимость в определении сути маркетинговой деятельности и особенностей ее организации. Цель данного исследования – изучить сложившиеся подходы к содержанию маркетинговой деятельности организации.

Ключевые слова: маркетинг, маркетинговая деятельность, маркетинговое решение.

С ускоренным изменением макросреды, возрастанием новых запросов потребителей, с развитием бизнеса, информационных технологий возрастает и значение маркетинга для процветания деятельности организаций.

В настоящее время маркетинговая деятельность является очень актуальной для многих организаций с различными формами собственности, поскольку она помогает современным предприятиям выиграть конкурентную борьбу на долгие сроки вперед. При этом сущность и содержание маркетинговой деятельности остаются не конца изученными (см. Таблицу 1).

Таблица 1 – Подходы к содержанию маркетинговой деятельности

Автор	Определение
Агеева Н.А., Лопаткина Н.Ю.	Маркетинговая деятельность – это комплекс опережающих и прогнозируемых управленческих решений предприятия на рынке, направленных на получение конкурентных преимуществ с целью удовлетворения нужд потребителя и получения дохода
Войтоловский Н.В., Калинина А.П.	Маркетинговая деятельность представляет собой деятельность, направленную на согласование возможностей организации с ситуацией на рынке с целью получения прибыли и конкурентных преимуществ
Полиенко М.	Маркетинговая деятельность – это деятельность подразделения маркетинга по решению стоящих перед ним практических задач в коммерческой компании
Арефьева Т.С., Жидкова О.Н., Лобанова Е.И., Нисилевич А.Б., Стрижова Е.В.	Маркетинговая деятельность предприятия представляет собой творческую управленческую деятельность, задача которой заключается в развитии рынка товаров, услуг и рабочей силы путем оценки потребностей потребителей, а также в проведении практических мероприятий для удовлетворения этих потребностей. С помощью этой деятельности координируются возможности производства и распределение товаров и услуг, а также определяется, какие шаги необходимо предпринять, чтобы